

**«6D050300-Психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD)  
ғылыми дәрежесін алу үшін орындалған Борбасова Гүлнұр  
Нұрсайынқызының «Эмоциялық күйлер мен индивидуалды  
айырмашылықтардың экзекүтивті бақылауға әсерін психофизиологиялық  
зерттеу»/ «Психофизиологическое исследование влияния эмоциональных  
состояний и индивидуальных различий на экзекүтивный контроль»/  
«Psychophysiological study of the influence of emotional states and individual  
differences on executive control» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына  
ғылыми кеңесшісінің  
ПІКІРІ**

Орындалған диссертациялық жұмыс қазіргі когнитивтік психология мен нейроғылымдағы өзекті мәселе - М. Познердің теориясына сәйкес, зейін желісіндегі эксперименттік тапсырманы орындау барысындағы эмоциялық күйлер мен индивидуалды айырмашылықтардың когнитивті функцияларды бақылаудың мінез-құлық және нейрофизиологиялық көрсеткіштеріне әсерін зерттеуге арналған. Бұл жағдайда зейін мінез-құлық пен іс-әрекеттің бағытын таңдауды қамтамасыз ететін бірінші кезектегі рөл атқарады. Әрине, тұлға мен темпераменттің тұрақты сипаттамасы ретінде эмоциялық күйдің динамикалық өзгерісі сияқты зейіннің нейрондық желілерінің жұмысына әсер етеді. Докторант алға қойған мақсаттарына сай М. Познердің индивидуалды айырмашылықтар, эмоциялық күйлер және экзекүтивті бақылау теориясы шеңберінде үш жүйеге негізделген зерттеудің әдістемелік кешені таңдады: бағдарлау (Orienting), қырағылық (Alerting), экзекүтивті бақылау (Executive control). Сонымен қатар, эмоциялық, мотивациялық және когнитивтік компоненттерді біріктіретін шетелдік кеңесші профессор Дж. Мэттьюстің өндеген психометриялық әдістемесі қолданылды. Функционалды магнитті-резонансты бейнелеуді қолдана отырып, когнитивті бақылауды зерттеу үш нейрондық желінің әрқайсысының белгілі бір анатомиялық құрылымдарын, нейромодуляторларды және гендерді қамтитынын көрсетті. Мысалы, экзекүтивті бақылау нейрондық желісі алдыңғы сингулярлық қыртыспен, медиалды және бүйірлік префронтальды қыртыспен, базальды ганглиямен ұсынылған; допаминдік жүйе модулятор болып табылады. Осыған дейін ЗЖТ ( ANT - Attentional Network Test, 2002) халықаралық эксперименттік психологиялық және фМРТ/ЭЭГ зерттеулерінің жеткілікті көлемде өзінің жарамдылығын көрсетті. Қазақстанда осы тапсырманы қолдану арқылы бір ғана мінез-құлық зерттеуі жүргізілді, әрі ол Қазақстандық популяцияда расталды ( Жолдасова, 2021).

Бұл мәселені психометриялық, мінез-құлық және электроэнцефалографиялық әдістерін пайдаланып, көп нұсқалы көзқарас шеңберінде зерттеуді жалғастыру өте қиынды.



Докторант танымдық функцияларды, индивидуалды айырмашылықтарды, эмоциялық күйлерді бақылау саласындағы барлық теориялық және әдістемелік алғышарттарды, сонымен қатар жоғарыда аталған ғылыми мәселелерді зерттеудің психофизиологиялық тәсілдерін егжей-тегжейлі әзірледі. Зерттелетін мәселе бойынша әлемдік психологиялық әдебиеттердің салыстырмалы талдауы когнитивті бақылау теорияларының тенденцияларының қалыптасуын анықтауға мүмкіндік берді, сонымен қатар диссертациялық жұмыстың максаты мен міндеттеріне сәйкес алдыңғы тәжірибені пайдалануға мүмкіндік берді.

Ми қызметінің нейрофизиологиялық сипаттамалары арқылы жүзеге асырылатын индивидуалды айырмашылықтар мен эмоциялық күйлердің экзекутивті бақылауға әсерін зерттеу маңызды ғылыми және практикалық міндет болып табылады, өйткені кәсіби қызметтің көптеген түрлері ең алдымен когнитивтік функцияларды бақылаумен байланысты. Психологиялық және психофизиологиялық тетіктерді түсіну когнитивті бақылау деңгейін диагностикалаудың әдістемелік негізін және оның онтайлы жұмыс істеуінің алдын алу шараларын жасауға мүмкіндік береді.

Бұл диссертацияның артықшылығы – қазақ тілінде психологиялық эксперименттер жүргізуге арналған әдістемелік толықтыру максатында докторант Борбасова Г.Н. тапсырманың орындалу нұсқауын, жалпы эксперименттік материалдың барлығын қазақ тіліне аударды. Әдістемелер сәтті бейімделіп, тәжірибеде қолданылды. Сонымен қатар SPSS 23.0 бағдарламасын қолдану арқылы ANOVA, MANOVA көмегімен алынған мәліметтерді статистикалық өңдеудің жоғары деңгейін атап өту қажет. Бүкіл диссертация эксперименттің теориялық және практикалық негізділігін сәтті синтездейді.

Зерттеу нәтижелерінің сенімділігі мен дәйектілігі тиісті әдістер мен валидті таңдамаларға байланысты дұрыс құрылған экспериментке негізделген және халықаралық конференцияларда апробацияланды, жоғары импакт-факторы бар журналда жарияланымның болуымен расталды. Докторант өзінің зерттеу нәтижелерін халықаралық конференцияларда, соның ішінде Чикагода (АҚШ) сәтті баяндады.

Зерттеудің негізгі нәтижелері M. Pósnér, A. Neuhaus, M. Rueda, G. Matthews және басқа да ғалымдардың зертханаларында өткен зерттеулермен сәйкес келеді. Ғылыми жаңалығы бастапқы классикалық нұсқадан айырмашылығы, ЗЖТ тапсырмасын ұзақ уақыт орындау кезіндегі эмоциялық күйлер мен индивидуалды айырмашылықтардың экзекутивті бақылауға анықталған әсерлерінде жатыр. Осылайша, докторант зерттеудің басында келтірілген болжамдарды ішінара растады және эмпирикалық зерттеуден алынған мәліметтермен нақты дәлелдеді, бұл экзекутивті бақылау және индивидуалды айырмашылықтар теорияларының дамуына елеулі үлес болып табылады. Атап айтқанда, когнитивтік процестерді көрсететін ми қызметімен салыстыру нәтижелерін атап өту керек.

Докторант кеңесшілермен бірге 10 мақала жариялады, оның ішінде бесеуі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында



сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда, біреуі International Journal of Psychophysiology журналында (Q2), төртеуі халықаралық конференцияларда.

Ғылыми кеңесші ретінде мен Г.Н. Борбасованың өз бетінше ғылыми зерттеулер жүргізуге, экспериментті ұқыпты ұйымдастыруға жауапкершілікпен қарауға, зерттеу нәтижелерін мұқият өңдеуге үйренгенін айта аламын, бұл оның кәсіби мамандығына елеулі кадам жасауға мүмкіндік берді. Менің ойымша докторант зерттеу жұмысын диссертациялық кеңесте қорғауға дайын деп ойлаймын. Оның бойында ғылыми-зерттеу мақсатына жетудегі табандылық пен зейінділік, эксперименттің анықтығы мен дәлдігіне, нәтижелерді талдаудың тазалығына ұмтылу сияқты жоғары ғылыми потенциалға ие маңызды қасиеттер бар.

Борбасова Гүлнұр Нұрсайынқызының «Эмоциялық күйлер мен индивидуалды айырмашылықтардың экзекүтивті бақылауға әсері»/ «Психофизиологическое исследование влияния эмоциональных состояний и индивидуальных различий на экзекүтивный контроль»/ «Psychophysiological study of the influence of emotional states and individual differences on executive control» атты тақырыбындағы диссертациялық жұмысы «6D050300-Психология» мамандығы бойынша барлық негізгі талаптарға сәйкес келеді және әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы Әлеуметтік ғылымдар және білім беру мамандықтары бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру жөніндегі Диссертациялық кеңесте қарастыруға ұсынамын.

**Ғылыми кеңесші:**  
**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ**  
**Биофизика, биомедицина және**  
**нейроғылым кафедрасының**  
**меңгерушісі, профессор**

**А.М. Кустубаева**

